



Газет 1930 жылдың 10 қазанынан шыға бастады

АУДАН ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!



Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 3 наурыздағы №826 “Әкімдердің халықпен кездесулерін өткізу туралы” Жарлығын іске асыру аясында Созақ ауданының әкімі Тұрысбеков Мұхит Сексенбайұлының Жартытөбе ауылдық округінің тұрғындарымен кездесуі 2023 жылғы 19 қыркүйек сағат 10:00-де Жартытөбе ауылдық клубында өтеді. Жартытөбе ауылдық округінің азаматтарын жеке қабылдау сағат 11:00-де болады.

Құмкент ауылдық округінің тұрғындарымен кездесуі 2023 жылғы 19 қыркүйек сағат 15:00-де Құмкент мәдениет үйінде өтеді.

Құмкент ауылдық округінің азаматтарын жеке қабылдау сағат 16:00-де болады.

Шолақорған ауылдық округінің тұрғындарымен кездесуі 2023 жылғы 20 қыркүйек сағат 10:00-де Шолақорған әкімшілігінің ғимаратында өтеді.

Шолақорған ауылдық округінің азаматтарын жеке қабылдау сағат 11:00-де өтеді.

Таукент кентінің тұрғындарымен кездесуі 2023 жылғы 20 қыркүйек сағат 15:00-де Таукент спорт кешенінде өтеді.

Таукент кентінің азаматтарын жеке қабылдау сағат 16:00-де болады.

Созақ аудандық мәслихаты ШЕШІМ

№6 06.09.2023 ж

Созақ аудандық мәслихатының сегізінші шақырылымындағы кезекті жетінші сессиясын шақыру туралы

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 10-бабының 2-тармағына сәйкес, Созақ аудандық мәслихатының сегізінші шақырылымындағы кезекті жетінші сессиясы 2023 жылғы 22 қыркүйекте, сағат 11.00-де, Шолақорған ауылында шақырылсын.

Созақ аудандық мәслихатының төрағасы **О.Жәмиев**

Созақ аудандық мәслихатының депутаттары мен аудан халқының назарына

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 10-бабына сәйкес, Созақ аудандық мәслихатының сегізінші шақырылымындағы кезекті жетінші сессиясы 2023 жылғы 22 қыркүйек, сағат 11.00-де Шолақорған ауылында шақырылатыны туралы Сіздерді хабардар етемін. Мекен-жайы: Шолақорған ауылы, Жібек жолы көшесі, №16.

Депутаттарды тіркеу 22 қыркүйекте, сағат 09.00-ден бастап аудандық мәслихатта өткізіледі.

Аудандық мәслихаттың тұрақты комиссияларының бірлескен мәжілісі 2023 жылғы 22 қыркүйекте, сағат 10.00-де өткізіледі.

Сессияның қарауына мына мәселелер ұсынылады:

1. Аудан әкімінің атқарған жұмыстары мен алда тұрған міндеттері туралы есебі.
 2. Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің атқарған жұмыстары мен алда тұрған міндеттері туралы есебі.
 3. Құмкент ауылдық округі әкімінің есебі.
- Сессия қарауына келіп түсуіне қарай өзге де мәселелер енгізілуі мүмкін.

Аудандық мәслихат төрағасы **О.Жәмиев**

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Алматы облысындағы Республикалық олимпиадалық даярлық базасына барып, құрылыс барысымен танысты.

Президент Алматы облысына жасаған жұмыс сапары аясында олимпиадалық даярлық орталығы құрылысының барысымен танысты.

Туризм және спорт министрі Ермек Маржықпаев бүгінде атлетикалық манеж, мұз аренасын, көпфункционалды спорт залын, көркем және спорттық гимнастика залын, әкімшілік ғимараты мен қонақ үй салу жұмыстары аяқталғанын баяндады. Сонымен қатар жүзу бассейнінің, жекпе-жек залының,



Президент Республикалық олимпиадалық даярлық базасына барды

спорттық атыс алаңының, трибуналары бар стадион мен садақ ататын орынның құрылысы аяқталып келеді.

Президент ТМД-дағы ең ірі спорт кешендерінің бірі саналатын инфрақұрылымды аралап көрді. Халықаралық стандарттарға сай бұл нысан 2300 спортшыға арналған.

Мемлекет басшысына аталған базаның бірегей ерекшелігі туралы айтылды. Мұнда оқу-жаттығу сабақтарын, емдеу-сауықтыру шараларын, халықаралық және республикалық жарыстар өткізуге арналған 9 жабық спорт ғимараты орналасқан.

Бұдан бөлек, жеңіл және ауыр атлетика, волейбол, баскетбол, шағын футбол, шайбалы хоккей, коньки спорты, бокс, күрестің барлық түрлері, жекпе-жек өнері, су спортының түрлері, спорттық оқ ату, садақ ату секілді спорттың 23 түрі бойынша олимпиадалық резерв пен ұлттық құрама командаларын даярлау жоспарланып отыр.

Президентке атлетикалық манеж бен спортшыларға арналған қонақ үй көрсетілді.

Содан кейін Қасым-Жомарт Тоқаев аталған базаның орталық алаңындағы олимпиада алауының жанында спортшылармен әңгімелесті.

Президент бұқаралық және балалар мен жасөспірімдер спорты дамыту маңызды екенін атап өтті.

– Қазір негізгі күш-жігерді Олимпиада мен Азия ойындарына, сондай-ақ өзге де еуропалық, әлемдік деңгейдегі турнирлерге дайындалу үшін жұмсау керек. Қазақстан спорт державасы болуға тиіс. Сол үшін біз маңызды спорт нысандарын салып жатырмыз. Қалашықтың спорттық әлеуетін арттыра беруіміз керек, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Кездесу соңында Мемлекет басшысы жас спортшыларға жаңа жеңістер тіледі.

Қазақстан Италияға экспорт көлемін арттырады



Премьер-министр Әлихан Смайылов елімізге ресми сапармен келген Италия Министрлер кеңесі Төрағасының орынбасары – сыртқы істер және халықаралық ынтымақтастық министрі Антонио Таянимен кездесті.

Италия Қазақстанның әлем бойынша ірі үш сауда серіктесінің бірі саналады. Әрі Еуропалық одақ елдері арасында бірінші орында тұр. Былтыр екі елдің тауар айналымы 55%-ға жуық

артып, шамамен \$15 млрд-қа жетті. Италия Еуропалық одақ елдердің арасында Қазақстан экономикасының өркендеуі үшін әріптестік орнатқан ірі инвесторлардың бестігіне кіреді. Соңғы 17 жылда жалпы тартылған инвестициялар көлемі \$7,3 млрд-қа жетті. Былтырғы жылдың қорытындысы бойынша шамамен 2,5 есе өсіп, \$300 млн-ға жуықтады.

«Дегенмен тауар айналымы одан әрі арттыруға әле-

уетіміз жеткілікті. Біз Италияға жалпы құны \$900 млн-нан асатын қазақстандық 110 тауар өнімінің экспортын арттыруға дайынбыз», деді Әлихан Смайылов.

Антонио Таяни Италия Қазақстанмен жан-жақты, әсіресе сауда, энергетика және өнеркәсіп бойынша ынтымақтастықты нығайтуға қашанда құмбыл екенін жеткізді. «Біз Италияда бірлескен кәсіпорындарды, жаңа қазақстандық компанияларды ашуға дайынбыз. Сондай-ақ кәсіпорындарымыз арасындағы ынтымақтастықты одан әрі нығайтуға ықпал ететін Іскерлік кеңес құруға ниеттіміз», деді ол.

А.Таяни Алматыда жаңа италияндық мәдениет институтын ашудың маңызы зор екенін, екі ел арасында студенттер алмасуды арттыруға мүмкіндік беретінін айтты.

«Созақ үні»-ақпарат.



ТАСТЫ АУЫЛЫНДА САЛЫНЫП ЖАТҚАН 75 ОРЫНДЫҚ МӘДЕНИЕТ ҮЙІНІҢ ҚҰРЫЛЫС ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ БАРЫСЫМЕН ТАНЫСТЫ

Аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков Тасты ауылдық округінде болып, онда тұрғындар сұранысына орай салынып жатқан 75 орындық мәдениет үйінің құрылыс жұмыстарының барысымен танысты. Нысанды аралау барысында құрылыс сапасын назарға алды. Мердігер мекеменің өкілдерімен тілдесіп, жұмыс барысына қатысты бірқатар мәселелерді талқылады.

Мердігер мекеме өкілдерінің айтуынша онда құрылысқа қажетті жабдықтар толықтай жеткізіліп, бүгінде ішкі жұмыстары қоса жүргізілуде.

Айта кетейік, амануи үлгідегі 75 орындық мәдениет үйі 329,5 шаршы метрді құрайды. Мұнда қосымша кітапхана бөлмесі және жаңа музыкалық құрал-жабдықтар мен заманауи жиһаздар қамтылатын болады.

«Жер-2023» командалық-штабтық оқу-жаттығуы пысықталды

Аудан әкімдігінің мәжіліс залында Төтенше жағдайлар жөніндегі комиссия мүшелері және азаматтық қорғаныс қызметтері мен құрылымдарының отырысы өтті.

Жиында аудан әкімінің

жер сілкінісі нәтижесінде туындаған ТЖ жою кезіндегі іс-қимылдарға дайындау»,

«Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдай кезінде ауданның басқару органдарының, азаматтық



орынбасары Қалдыбек Оразов «ЖЕР-2023» Республикалық командалық-штабтық оқу жаттығуына дайындық шаралары мен өткізу жөніндегі ұйымдастырушылық нұсқаулығы және іс-жоспары бойынша бағдарламаларға тоқталып өтті.

Аудандық төтенше жағдайлар бөлімінің бастығы, азаматтық қорғау подполковнигі Қанат Ақбаев «Басқару органдарын азаматтық қорғаудың мемлекеттік жүйесінің күштері мен құралдарын жойқын

қорғау қызметтері мен азаматтық қорғау құрылымдарының іс-әрекеттері» жөнінде хабарлама жасап, нұсқаулықтармен таныстырып өтті.

Жиын соңында жауаптыларға күн тәртібінде қаралған мәселелер бойынша тиісті шараларды сапалы әрі тыңғылықты дайындыққа келтіру бойынша бірқатар тапсырмалар жүктелді.

Аудан әкімінің баспасөз қызметі.

ҚОС БІРДЕЙ ОТБАСЫҒА ЖАҢА БАСПАНАНЫҢ КІЛТІ ТАБЫСТАЛДЫ

Аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков Құмкент ауылында болды. Онда әлеуметтік аз қамтылған қос бірдей отбасыға «Қазфосфат» ЖШС-нің демеушілігімен салынған жаңа баспананың кілтін табыстап, үй иелерін қоныс тойымен құттықтады.

- Бұған дейін «Қазфосфат»

мұқтажын, талап-тілектерін назарда ұстап, халық сұранысына орай туындаған түйткілді мәселелерді бірлесе шешу үшін бар мүмкіндіктерді пайдаланамыз,-деген аудан басшысы Мұхит Сексенбайұлы әрбір тұрғын тарапынан көтерілген әлеуметтік мәселелердің өзекті-

лық азаматтарға тек алғыс айтамыз,-деген алтын құрсақты батыр ана Бақытгүл Сәтиева қоныс тойындағы қуанышымен бөлісті. Сонымен қатар, ұлының баспаналы болғанына айрықша қуанған 83 жастағы Күланда әжей де -Ел іші даусыз болсын, елде тек береке-бірлік,



ЖШС-нің басшыларымен бірнеше мәрте кездесіп, алда атқарар жұмыстар мен халық алдындағы жауапкершіліктерді бірге саралдық. Осының нәтижесінде біраз жобаларды іске асыруды қолға алып, бүгін міне Құмкент ауылында баспаналы болған қос бірдей отбасының қуанышты сәттерінің куәсі болып отырмыз. Алдағы уақытта да кәсіпорынмен бірлесіп атқарар нақты жоспарларымыз бар. Осылайша тұрғындардың мұқ-

лігіне тоқталып өтті. Сондай-ақ «Қазфосфат» ЖШС-де бас директордың әлеуметтік даму және мемлекеттік органдармен байланыс жөніндегі орынбасары Еркін Берікұлына арнайы алғыс хат табыс етіп, құрмет көрсетті.

Ауыл ақсақалдары мен баспана иелері игі іске арқау болған барша азаматтарға ізгі тілектерін арнады.

-Біздің жеткізген өтініштерімізді аяқсыз қалдырмай, осы іске арқау болған бар-

татулық болсын,-деп шараға жиналған жұртшылыққа ақ батасын арнады.

Айта кетейік, Құмкент ауылынан берілген 5 бөлмелі жаңа баспаналарда су, жылу сынды коммуналдық қызметтері үшін жеке бөлмелер қарастырылып, жылу жүйелері толықтай орнатылған. 30 сотықтан астам жер учаскелері арнайы шарбақпен қоршалған. Қосалқы шаруашылықты дамытуға және бау-бақша дақылдарын өсіруге мүмкіндік береді.

ШОЛАҚҚОРҒАН АУЫЛЫНЫҢ ТҰРҒЫНЫ АЯҚ КИІМ ТОҚЫМАСЫН ДАМУЫН, ТАБЫС КӨЗІН АРТТЫРУДА

Шолаққорған ауылының тұрғыны, 53 жастағы Гүлнахар Мамилаева қазақтың сәндік тоқыма қолөнерін қолға алып, сүйікті ісімен айналысып отыр. Алғаш кәсібін балаларға арналған сәнді үлгідегі киімдер мен ойыншықтар тігіп бастаған. Қазіргі таңда қосымша аяқ киімдер тоқып, табыс көзін арттыруда. Тапсырысқа орай, үйге арналған тәпішкелер және балалар мен ересектерге арналған түрлі аяқ киімдер, сөмкелер тоқуда.

-Бала жасымнан тоқыма тоқуға құмар болдым. Бұл іс сүйікті кәсібіме айналды. Тоқыманың барлық түрін тоқимын. Білімімді жетілдіріп, соңғы екі жылда аяқ киімнің түрлерін тоқуды табыс көзіне айналдырдым. Ендігі мақсатым түйе-қой жүндерін өңдеп, заманауи техникаларды игеру арқылы үлкен кәсіп ашу. Үйде отырған қыз-келіншектерге өз білгенімді үйретіп, шәкірт тәрбиелеу ісін де қолға алдым. Қазіргі кезде тоқыма аяқ киімге сұраныстар артуда. Сапасы фабрикадан шыққан өнімдерден артық болмаса, кем түспейді. Халықтың арқасында табыс тауып отқан



соң барынша сұранысқа сай үлгеріп, сапасына аса мән беру арқылы көптің көңілінен шығуға тырысамын,-дейді кәсіп иесі.

Айта кетейік, Гүлнахар Мамилаева бұған дейін облыс орталығында қолөнер мәдениетін қалыптастырып, ішкі туризмді дамыту мақсатында ұйымдастырылған өңірлік көрме-байқауына өз өнімдерін бірнеше мәрте ұсынып, шараға жиналған қонақтардың қошеметіне бөленді.

Кәсіби шығармашылық бірлестікке 30 жыл



Жыр мүшайрасында жүйріктер анықталды

Жақында аудан орталығындағы «Мыңжылқы» мәдениет сарайында Құлыншақ Кемелұлы атындағы кәсіби шығармашылық бірлестіктің құрылғанына 30 жыл толуына орай салтанатты шара болып өтті. Салтанатты шараны аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков ашып, құттықтау сөз сөйледі. Бірқатар бірлестік мүшелеріне Алғыс хаттар мен арнайы дайындалған Құлыншақ Кемелұлына арналып шығарылған төсбелгілерді табыс етті. Аталған шығармашылық бірлестіктің төрағасы мәдениет қайраткері, ақын, жазушы, драматург, Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі Мыңжа-

ақстан Жазушылар және Журналистер Одағының мүшесі, «Созақ үні» газетінің жауапты хатшысы Мақсат Қарғабай мен ақын бірнеше жыр кітаптарының авторы Тілеубек Ыбырайым қазылар алқасының мүшелігіне енді. Мұшайраның тәртібі бойынша 11 ақын ақтық мәреге іріктеліп алынып, олар өздерінің төл туындыларын сахна төрінде оқып, көрермендерге жария етті. Мұшайраның шарты негізінде ақындар екі өлеңнен оқыды. Оның бірі Құлыншақ Кемелұлына, екіншісі сол шығармашылық бірлестіктің кезінде мүшесі болған Қазыбек Мыңжановқа, Сағынтай Байділдаевқа, Пернебай

мандарының әбден шыңдап, дайындаған өлеңдері тыңдармандардың ықыласына бөленді.

Бәйгенің аты бәйге! Дүбірлі дода мәресіне жетті. Әділ қазылардың шешімімен бас жүлде белгілі ақын, бірнеше кітаптың авторы жазушы, драматург, зейнеткер ұстаз Байділда Айдарбековтің қанжығасына байланды. Бірінші орынды ақын, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, журналист, «Созақ үні» газетінің бас редакторы Сәрсенбек Теңізбаев иеленді. Қалған ақындар да 2-3 орындарға қол жеткізді. «Жүзден жүйрік мыңнан тұлпар» дегендей қазылар алқасы жыр дүлдүлдерін шабысына, өлеңдерінің мәні мен мазмұнына Абай айтқандай «Айналасы жұп-жұмыр келген» өлеңдерге өздерінің шынайы бағаларын берді. Көпшілік тарапынан әділ қазылар жасаған шешімге кеуіл толарлықтай ойлар айтылып, әділ шешілді деген пікірлер естіліп жатты.

Мұшайрада кезінде осы бірлестіктің мүшесі болған ақын, жазушы, сазгерлерге арналған өлеңдер де оқылды деп мақаланың басында айтқанымдай сол азаматтардың туыстары, балалары, отбасы арнайы сыйсияпат жасады. Олар сахна төріне көтеріліп, дайындап келген жөн-жоралғыларын сол азаматтарға арнап жыр жазған ақындарға табыстады.

«Өлді деуге бола ма, ізнен ғибратты сөз қалдырған» дегендей қазір ортамызда жоқ әйтсе де осы шығармашылық бірлестіктің қалыптасуына еңбектері сіңген өнер иелерінің аты аталып, рухтары бір көтеріліп қалды. Өнер кешінің шырайын аудандық «Мыңжылқы» мәдениет сарайының өнерпаздары әнмен әрледі. Тамылжыта ән салып, көпшіліктің көңілін көтерді.

Сөйтіп Қ.Кемелұлы атындағы кәсіби шығармашылық бірлестіктің 30 жылдығы жыр бәйгесімен, сән-салтанатымен өтті.

Сәрсенбек САЙЛАУБЕКҰЛЫ.



сар Асқаров Құлыншақ ақын жайында, шығармашылық бірлестіктің атқарған жұмыстары туралы баяндама жасады.

Бұдан кейін бұрын баспасөз бетінде хабарландыру жарияланғандай ауданда тұратын ақындардың жыр мүшайрасы басталды. Жиналған көпшілік осы сәтті асыға күтіп отыр екен қол шاپалақтап жыр додасына қатысатын ақындарды құрмет, қошеметпен қарсы алды.

Жыр мүшайрасына ақын Қазақстан Жазушылар және Журналистер одағының мүшесі, бірнеше жыр жинағының авторы, С.Қожанов атындағы өлкетану музейінің қызметкері Гүлнар Өмірбек төрайым болды. Ақын, жазушы, өлкетанушы, Қаз-

Иманқұловқа, Әділбек Нысанбаевқа, Ескермес Жақсымбетовке, Өскен Берғазыға, Қыдырәлі Ахметовке арналды.

Сонымен жыр мүшайрасы басталды. Ақындар төл туындыларын сахна төрінде тамылжыта оқып, көрермендер назарына ұсынды. Кілең жыр майталмандары өлеңдерін көсілте жіберді. Көрермендер тарапынан: «Әп, бәрекелде, жарайсың, міне нағыз жүйріктер,- деген дауыстар естіліп жатты.

Жыр тыңдап, өнер сүйер, поэзияны жақсы көретін көрермендер қайта-қайта қол соғып, ақындарды шабыттандырып, қанаттандырып отырды.

Аламан бәйгеде яғни жыр додасында шабыт шалқарына бой ұрған жыр майтал-

Халық пікірі

Экономиканы дамыту- уақыт талабы

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан Республикасы Парламенті палаталарының бірлескен отырысында жасаған Жолдауын аса ыждағаттылықпен оқып, танысып шықтым.

Жолдаудың басты ерекшеліктерінің бірі-жаңа экономикалық реформаларға баса назар аударылуы болды. Ең бастысы елдің экономикалық әлеуетін арттыру бағытында жұмыс жасалатындығы мені қатты қуантты. Иә, дәл қазір елімізде жаңа экономикалық саясаттың қажет екендігі қатты сезіліп тұр.

Экономиканы көтеру жайында жақсы бастамалар бар екені рас. Әрине экономикамызды көтеру үшін жұмыла жұмыс істеуіміз керек. Тұрмыс жағдайын жақсартып, табысты арттыруға барлығымыз бір кісідей кірісіміз қажет. Ол үшін ерінбей еңбек етіп, табысты молайтуға тиістіміз. Әсіресе азық-түлік қауіпсіздігін қалыптастыруға баса мән берген жөн. Мемлекет басшысы Қазақстанда өмір сүріп жатқан әрбір отбасын еліміздің мықты әрі табысты ету үшін туған жерімізді көркейтуге және дамытуға байлықты қорғауға шақырады.

Гүлжан МОМБЕКОВА,
Созақ ауданының Құрметті азаматы,
зейнеткер-ұстаз.

Мемлекет басшысының Жолдауында «Біз мәдениетті, ғылымды дамыту арқылы қазіргі ашық әлемнің бір бөлшегі болуға ұмытылуымыз керек» делінген бұл өте дұрыс айтылған. Өйткені мәдениетті, білімді ғылымды игерген жастар біздің болашағымыз. Отанымызда әрбір ұл-қыздың са-

терге жұмыс бере алатын мекемелермен ұзақ мерзімге арналған әріптестік орнатуы қажеттігін де айтты.

«Еліміздегі демгарафиялық өсім білімге деген сұранысты арттырады. Мемлекеттің білім саласына қатысты жұмысында тұтастық, яғни жүйе жоқ. Тіпті өзара байланыс жоқ де-

Білім саласын жақсарту- кезек күттірмейтін мәселе

палы білім алуға толық құқығы бар. Әрине сапалы білім алған жас қай саланы болса да еркін игеретіні хақ. Бұл тұрғыда мұғалімдердің біліктілігін арттыру-басты міндет болып табылады. Президент: «Бәріне бірдей білім беру үшін интернет жылдамдығы жоғары және білім берудің цифрлы ресурстар тегін әрі қолжетімді болуы шарт» деп айтты.

Менің ойымша, елімізде білім беру жүйесі еңбек нарығының сұранысына қарай өзгеріп отыруы керек деп есептеймін. Жасыратыны жоқ, қазіргі кезде елімізде техникалық саланың мамандары мен жұмысшы мамандар жетіспеушілігі байқалуда. Президент осы салаларға қатысты кадр даярлаумен мықтап айналысу керек екендігін ескертті. Сондай-ақ, оқу орындары түлек-

уге болады. Сондықтан бес жастан асқан балаларға арналған «Келешек» атты бірыңғай ерікті жинақтау жүйесін енгізуді тапсырамын. Бұл бағдарламада мемлекет тарапынан ұсынылатын бастапқы білім беру капиталы, жыл сайынғы мемлекеттік сыйақы және инвестициялық табыс қарастыруға тиіс. Осы жинақ пен «Ұлттық қор-балаларға» жобасының қаражаты қосылғанда жас ұрпақтың сапалы білім алуына мүмкіндік туады» деді мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің отандастарымызға арналған «Әділетті қазақстанның экономикалық бағдары» атты Жолдауында.

Ілияс ОМАРБЕКОВ,
Қ.Кемелұлы атындағы жалпы орта мектебінің директоры.
Жартытөбе ауылы.

Ойымызды дөп басты

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлының «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына арнаған биылғы Жолдауы біздің ойымызда жүрген мәселелерді дөп басқандығын айтуға қолыма қалам алдым. Ауыл шаруашылығы дамыту оның ішінде отандық өнімдерге қолдау ісі мемлекеттік деңгейде қадағаланып, жіті бақылауда болатыны шаруа адамы болғандықтан мені қатты қуантты.

Ауылдағы шаруаның жайы билік мінберінен қозғалды, Президент назарына ілігуі әрине жүрекке жылылық ұялатады. Мемлекет басшысы қозғаған мәселелер қарапайым шаруаға ғана емес, ауыл шаруашылығының дамуына да кедергі келтіріп отырғаны жасырын емес. Шаруаға қажетті техникалардың жаңартылуы, соған сәйкес мамандардың сұранысқа ие болуы елдегі жұмыссыздық мәселесінің шешілуіне ықпалын тигізетіні белгілі.

Президент орта кәсіпкерлікті дамыту жөнінде де айтты. Шынын айту керек, шағын және орта бизнестің даму қарқыны әлі төмен. Өны өркендету үшін жұмыс жасауымыз керек. Бұл тұрғында да Ел басшысы Жолдауда айтып, нақты іске кірісу керек екендігін ескертті.

Қасым-Жомарт Кемелұлы кемшіліктерді атап қана қоймай, тығырықтан шығу жолдарын да атап көрсетіп, Үкіметке нақты тапсырмалар берді.

Айдарбек ҚАРАҚОЖАЕВ,
Көктөбе елді мекенінің тұрғыны.

Өнер айдынындағы қос талант



Қымкент таланаттарға бай ауыл. Мұнда дүниеге келіп, өнер айдынында жүзген жастар көптеп саналады. Солардың бірі Болатбек Бектайұлы.

Ол аталған ауылда 1978 жылы дүниеге келген. Қ.Сәтбаев атындағы білім ордасында оқып, бітірген. Мектепте жүргенде өнерге жақын жүретін Болатбек Шымкенттегі Қазақ-түрік университетінің өнер факультетін 2005 жылы бітіріп, көрші Сарысу ауданындағы Ықылас Дүкенұлы атындағы мәдениет үйіне қызметке тұрады. 2008 жылы Тараз қаласындағы мәдениет үйіне ауысады да, сол жақта 2-3 жыл жұмыс істейді. Одан кейін Жамбыл ауданында қызмет жасайды. Кейін Аса ауданына келген.

2011 жылы туған жеріне келіп, мәдениет үйіне жұмысқа тұрады. 2014 жылы Қымкентте мәдениет үйі ашылды. Сол кезде осы мәдениет үйінің директорлығына тағайындалды.

Болатбек бала кезінен өзіне әншілік өнерді серік еткен. Халық әндерін, белгілі композиторлардың шығармаларын нәшіне келтіріп орындайды. Ол ән салғанда жүреппен айтып, жүрекке жеткізеді.

Осы мәдениет үйіне басшы болып келгені бұл өнер ордасында көптеген іс-шаралар өткізілді. Барлығын ұйымдасты-

руға Болатбектің өзі ұйытқы болып жүр. Көптеген жастарды өнер әлеміне қызықтырып, әншілікке үйретуде.

Жастарды патриоттық рухта тәрбиелеуге қосып жүрген үлесі де қомақты. Жергілікті сазгер Ынтымақ Шерәлиевтің әндерін насихаттауда да еңбегі ерен. Өмірлік қосағы да өнер иесі. Жамбыл облысы, Аса ауданының қызы. Тараз қаласында мәдениет үйінде қызмет етіп жүріп танысқан. Тараз қалалық мәдениет үйінде жұмыс істеп жүргенде үлбіреген аруды ұнатып, онымен шаңырақ көтереді. Ол Тараз педагогикалық институты өнер факультетінің түлегі. Жары да 2002 жылдан мәдениет саласында қызмет жасайды. Мархабат Сейдалиева да өнер ауылына жақын қонған жан. 2015 жылдан Қымкент ауылында мәдени шараларды ұйымдастырушы қызметін атқаруда. Мәдениет үйіндегі бүкіл іс-шараны ұйымдастыруға ұйытқы болып жүр. Отбасында 3 ұл 1 қыз тәрбиелеп өсіріп отыр. Санжар, Қайсар, Елдар деген ұлдары бар. Айым деген айдай сұлу қыздары өсіп келеді. Жұбайымен қосылып халық әндері мен жергілікті сазгерлердің әндерін орындайды. Домбырада да, эстрада да ән шырқайды. Олар ән салғанда көпшілік көрермен сахнадан жібермей қайта-қайта ән

салуын сұранады. Өнерлі отбасы ауылдастарына тату-тәтті жанұя ретінде өнеге көрсетіп келеді.

Ел болған соң қызықшылық көп өтіп тұрады. Сондай кездерде жарасымды жұп, әсем әндерімен көпшіліктің көңілін саз әуеніне бөлейді.

Болаттың асабалық, бет ашатын да өнері бар. Той-томақта әнші жігіт осы екі өнерді қатар көрсетеді. Жалпы, Болатбек қарапайым жүргізушінің отбасында өскен жігіт. Анасы ақ желеңді абзал жан болатын. Қазір қарашаңырақта жұбайы Мархабат екеуі тату-тәтті өмір сүруде. Ұл-қыздары да олардан өнеге алып, өнерді бойларына сіңіріп жүр. Екі өнер иесі бір шаңырақтың астында өнегелі ұл-қыз тәрбиелеуде.

Болатбектің әрбір өнердегі қадамына Мархабат сәттілік тілеп отырады. Екеуара кейде өнер жайында ұзақ сырласады.

Өнер жайлы жастарға насихаттаудан да жалықпайды. Ауылдағы әжелер тобы әншілерінің олар қолдаушысы. Әжелердің репертуар таңдауына да үнемі ақыл-кеңестерін береді. Сегіз қырлы, бір сырлы Болатбек өзіне өнер саласындағы жар таңдағанына бек риза. Өйткені қос өнерпаз бір-бірінің жан жүрегің түсінеді. Құстың екі қанаты сияқты бір-бірін демеп, қанаттандыруда.

Ауылдастары айрандай ұйыған отбасына қызыға қарайды. Олардан үлгі алуға тырысады.

Мархабаттың қабағы мен дастарханы ашық жан. Өнер адамы болғаннан кейін бұлардың қонағы көп. Кісі келген сәттерде қонақжай. Қашан көрсеніз де ақ жарқын, көңілі ашық қалпынан танбайды. Шаңырақтарынан қонақ үзілген емес. Дастарханы жаюлы, шайлары қайнаулы тұрады. Мұның бәрі тектіліктен десек жаңылыса қоймаспыз.

Мархабат текті жердің қызы. Сол отбасында алған тектілік қасиетті де ол бұл күндері дамыта түскен. Кіммен болса да жайдары қалпында сәлемдеседі, ізет сақтайды.

Жүректері жылы, жүздері мейірімге толы қос әншіге өнерлерің өрге жүзсін! Мерей шыңына биіктей беріңдер дейміз.

**Сәрсенбек
САЙЛАУБЕКҰЛЫ.**

Жаңа өлеңдерден



Түсімде де өлеңменен сырласқам...

Біздің тұрақты оқырманымыз әрі редакцияға үзбей өлең жазып тұратын ақын ағамыз Орынбасар Қасенұлы 70 жасқа толып отыр. Орекенді мерей жасымен құттықтап, бір топ өлеңін оқырмандар назарына ұсынып отырмыз.

Күз

*Келді міне күз деген,
Жаз қызығын мен іздегем.
Салқын тартты күн дағы,
Жеміс қалмады біздер үзбеген.*

*Балалар да мектепке асығады,
Сөмкелерін барады асып әні.
Білім қуған шәкірттер барлығы да,
Көңіл шіркін барады тасығалы.*

*Дихандар жүр, жинайды жемістерін,
Қалайды олар молшылық келіскенін.
Шопандар жүр, далада малын бағып,
Қозы-лаққа толтырып өрістерін.*

*Күн шуақтап отырар қариялар,
Ақылы мол батагөй дариялар,
Үлкендерді тыңдаса жас балалар,
Шаттықпенен шалқиды жанұялар.*

АРДАГЕРЛЕРГЕ

*Өмірдің өткен талай соқпағынан,
Фибраттың нұры есер топтарыңнан.
Тарихынан сыр шертіп отырарсың,
Жиі көрем сіздерді бақтарымынан.*

*Еңбек өттің кезінде бәріңдағы,
Асқар таусың ардагер жанымдағы.
Аталарын іздейді, немере, шөберелер,
Сендерсіңдер олардың сағынғаны.*

*Ортамызда отырсаң қуанамын,
Немеренің бересің сұрағанын.
Бейнеттің де көрдіңдер талайларын,
Сынақтардан сен бірақ құламадың.*

*Әр күн сайын сендерге сәлем берем,
Керемет қой сіздер жүрген әлем деген.
Құрмет тұтып, сіздерді сыйлап келем,
Ғұмырды ғажайып мәнерленген.*

ЖЫР ЖАЗАМЫН

*Жыр жазамын, жүректі өлең тербейді,
Кейбіреулер мені ақын деп сенбейді.
Шабыт келіп толғанысты кезімде,
Көңілімді өлең шумақ кернейді.*

*Өзім жайлы айтам ылғи жырымды,
Өлеңге айттым оңашада сырымды.
Кей түндерді өткіземін ұйқысыз,
Нәзік жырлар санама кеп тұнулы.*

*Жыр жазамын әр күн сайын тынбастан,
Тіл қатады маған түнгі аспан.
Кей күндері отырамын жыр құрап,
Түсімде де өлеңменен сырласқам.*

Табиғи және жасанды жарық

Жарықтандыру дегеніміз жарықтандыратын жерге түсетін жарық ағымының тығыздығы. Жарықтандыру бірлігі болып люкс (лк) қабылданған. Табиғи жарық-күн сәулесінен түскен ультра күлгін сәулелері. Жасанды жарықтандыру табиғи жарық жетіспейтін немесе табиғи жарық жоқ кезде қолданылады. Адамның көзіне күш түсетін жұмыс кезінде (түстерді айыратын жұмыстар, тігін машинасымен тігу кезінде) ақ түсті немесе сары түсті шаммен жарықтандырылған дұрыс, сонымен қатар ол жерді қосымша жергілікті шаммен жарықтандыру керек.

Күн сәулесі жарықтандырудың ең үлкен көзі болып табылады. Тұрғын үйлерді және қоғамдық ғимараттарды жобалауда оның табиғи және жасанды жарықтануының жақсы болуы маңызды орын алады. Табиғи және жасанды жарықтану жақсы болса, ол адамның көру қабілетіне жақсы әсер етеді, адамның өмірлік тонусын көтереді, жұмыс қабілетін жоғарылатады, белменің санитарлық жағдайын жақсы жағдайда ұстап тұруға

әсер етеді.

Жасанды жарықтандыру қыздыру шамдарының көмегімен іске асырылады, онда сымдағы жылу энергиясы жарық энергиясына айналады. Соңғы жылдары қыздыру шамдары экономикалық жағынан тиімді люминесцентті шамдармен алмастырылуда. Люминесцентті шамдағы төменгі қысымдағы ультра күлгін жарығы, шамның қабырғасындағы люминофорлардың жарықтану әсерінен көзге көрінетін жарыққа айналады. Люминесцентті шамдар тек экономикалық жағынан ғана емес, гигиеналық тұрғыдан да тиімді. Себебі ауа температурасын өзгертпейді және табиғи жарыққа жақын.

Тұрғын және қоғамдық ғимараттарды жүйелі инсоляциямен және жергілікті табиғи жарық көзімен қамтамасыз ету тұрғын үй гигиенасының маңызды мәселелерінің бірі.

**А.КУЛМЕНОВ,
ҚР ДСМ СЭБК «ҰСО»ШЖҚ РМК Түркістан
облысы бойынша филиалы Созақ аудандық бөлімшесінің зертхана меңгерушісі.
Л.ҚОСДАУЛЕТОВА,
санитариялық-гигиеналық зертханасының
зертханашысы.**

Созақтың төл перзенті, ақын, Қазақстан жазушылар Одағының Созақтан шыққан тұңғыш мүшесі Елеусіз Байырбеков Созақ ауданы Раң ата ауылында 1892 жылы дүниеге келген. Елеусіздің он бір жасында әкесі қайтыс болады. Әлі қабырғасы қатпаған баланы кісі есігіне жалшылыққа беруге қимаған анасы оны молдаға береді. Әбден байдан қозы, лақ, ақша алып аузын арандай ашып, үйренген молдаға анасы үйден алаша, арқан секілді бұйымдарын беріп оқытады. Сабақ қиын. Екі жыл оқып хат танып, күбірлеп құран оқи бастайды. Сөйтіп тұрмыстың нашарлығынан он үш жасында оқуын тоқтатады. Он алты жасқа келгенде әлгі ақ патшаның июнь жарлығынан қашып Иқандағы нағашыларын паналап, сол ауылдағы байлардың малын бағады. Ақындысы өнерден бойына алары бар жас бала өз өнерін одан ары ұштау үшін ақын Нұралы Нысанбайұлына шәкірт болады. Бата алуға барғанында көне дәстүр бойынша батагөйдің қолас-

деп айтқанындай сүйеушісі, тірегі жоқ деп Елеусізді байлардың балаларының есебінен әскер жұмысына жібермек болғандығы. Екінші себеп, кешегі Созақ көтерілісінен кейін (1930 жылы) «Созақтың баласымын» деген ақынды Қазақстан Жазушылар Одағына мүшелікке қабылдар ма еді. Елеусіздің өзі он төртке келгенде қасында тоғыз жасар және он бір жасар екі інісі болған. Октябрь революциясынан кейін қойды тастап, кетпен шауып, орақ орып өмір кешеді. Сөйтіп Созақтың тумасымын ашық айта алмаса керек. Бірақ алғашқы өлеңі «Мекенім Раң еді таудан ары» деп басталып, кейін бұл өлеңді ауқымдырақ жазып «Өзгерген өмір» деген дастанға айналдырады.

Мекенім Раң еді таудан ары (1917 жылы туған жері Созақтан күнгей ауып көшкенде жазған еді)

Жабулы келді көзек өнерлерге,
Жас толып қызық көрдік көнер-



лары бар. 1934 жылы Қазақстан Жазушылар одағының мүшелігіне қабылданды. Жамбыл Жабаевтың мерейтойына қатысып, Нұрпейіс Байғанин, Иса Байзақовтармен кездеседі. Жамбылмен жақын танысуына келсек: Елеусіз ақынның жеке домбырасымен байланысты. Бірде Елеусіз ақын Алматыдан келгенде домбырасын алдына алып сипалап отырып:

«Жамбыл атам өлең жырымды тыңдап, домбырамды қолына ұстап, ары-бері қарап тартып көріп, «Өзің де домбыраң да шешен, мен сияқты домбыраны жолдас еткен ақын екенсің, Майлықожаның елінен келсең сол ақын атаңның жолын берсін!»-деп бата берді депті.

Елеусіз қазақ халық поэзиясының алыбы Жамбыл қатарында 1932 жылы 23 сәуірдегі БК (б)П Орталық Комитетінің «Әдеби көркем

ТЕРІСКЕЙДЕ КІНДІК ҚАНЫ ТАМҒАН

тында біршама уақыт болуы керек. Мінезін, жүріс-тұрысын, өнерін батагөй сыншы бағалап, сын тезінен өткізіп барып батасын беретін болған. Бата алуға келген талапкерлерді жалшылықта ұстапты дегенге келіспеймін. Елеусіздің алымдылығы, алғырғын байқаған Нұралы айналасы екі-үш айдың ішінде ақ батасын беріп шығарып салған екен. Елеусіз Нұралы ақыннан «Үш мұңлы», «Пайңамбардың өлімі», «Тотынама», «Жағангер» дастандарын үйренеді. Әрі Нұралы дастандарын бүгінгі ұрпаққа жеткізуші. Бала жасында Молда Мұса еңбектеріне сусындап өскен сауатын ашқан Отырар аймағындағы қызыл жыршы (Мырзабек Байжанов), Айтбай Белгібайұлы, Балтабай Тебейұлы, Сәдуақас жақашұлы сияқты ақындармен замандас, әрі шығармашылық жолда бірге болған. Атақты Қызыл жыршы ақынмен Алматыда өткен ақындар айтысында бірге қатысады. Сөйтіп Елеусіз жүлделі орынға ие болып сыйлыққа патефон алады. Ал қызыл жыршы ештеңеге ие бола алмайды. Сонда Елеусіз: - шындығында келсек, айтыстағы жоғары орындардың бірі қызыл ақынға тиесілі еді. Арқалы ақынның жалғыз ғана кемшілігі сөз басын «Бисмилласыз, құдайсыз» бастамағаны еді деген екен. Ақынның «Өзгерген өмір» дастанын жазуына ертеректе жазған «Мекенім Раң таудан ары» деген өлеңі өзек болған сияқты. 1916 жылы ақ патшаның қазақтан әскер алу туралы жарлығына сай қуғын көріп, Иқандағы нағашыларын паналап кетуі, артынан тау асып іздеп келген «Шаш алдесе бас алатын» жеңдеттердің қылығын өзінің ішкі жан дүниесі толқынысымен керемет суреттейді. Елеусіздің алдымен Созақты көп тілге иек етпегені.

Қаратау жазулымын болысында,
Күнгейдің жүргенменен қонысында.

Николай сол жылы жұртқа салық салды,
Белгісіз жұмысы ма, соғысы ма?

Шауыпты таудан асып маған қарай,

Баруға менен «епті» адам болмай.
Сыртымнан жібермекке ұйғарыпты,

Лаждап басқа жерден лаждамай-

генде.

Тартынбай жастай жайнап гүлдене бер,
Жасқанып енді көңілім төмендеме.

Мекенім Раң еді таудан ары,
Созақтың өскен жерім аудандағы.
Бір таудың жатушы едік қуысында,
Барғандай арқар, құлан аулағалы.

Малым жоқ шаруа болып бағуыма,
Дихан боп арығым жоқ шабуыма.
Жылында он жетінші Күнгей асытым,
Түк таппай айналған соң тартуға.

Ол күнде байлар жүрген пенде демей,
Кесірін тигізеді «сен деп кедей!».
Кетсем де Күнгей асып талаптаным,
Шайлам бар бір түйеге теңлегендей.

Кереге, сәні де жоқ уығымның,
Шағырдан шаңырақты буып жүрмін.
Қомынан бір түйенің артылмайды,
Баспана, кереге, уық, туырлығым.

Қалбайған қара шайла үйдің сырты,
Бір текше, бір кебеже ішкі мүлкі.
Ойландым нағашыма барайын деп,
Жігіттің бөтен емес ол бір жұрты.

Жасымнан жарымадым малға бай боп,
Сеңгенім бір түйем бар арбадай боп.
Кемпір мініп, жас бала қасымда отыр,
Арбаға қонақтаған қарғадай боп.

Нағашым Иқандағы құл баласы,
Көшкенде болды үш күн жол арасы.
Үстіне келдім дағы қона кеттім,
Дедім де: «Мен де Құлдың бір баласы»

Нағашым, келдім жақтап Жетімдерді,
Жасымда жиырмаға жетіп еді.
Иқанның жанап қонып қойын бақтым,
Сол екен бұл ауылдың кесімдері.

Иқанның менде келіп бақтым малын,
Мәпелеп өз малымдай сарттың малын.

Қабаттап орақ орып, кетпен шауып,
Қиналып жоқшылықтың тарттым зарын.

Болмады ешбір адам менен жаман,
Тон тозған, жаға жыртық, жең жамалған.
«Барсаңыз, пәлен жерде пайда бар-деп,
Барған соң бақыр да жоқ» деген заман.

Кірмедім былтырғыдан биыл күшке,
Болмады өкінгенмен өткен іске.
Бар еді жаста айттырған қалыңдығым,
Үйлендім өліп-талып жиырма үште,-деп жырлаған Елеусізден екі перзент болды. Үлкені Жамалбек 1921 жылы туылған. Оның ұрпақтары Кентау қаласында тұрады екен. Екінші перзенті Перде атты қыз бала. 1941 жылы дүниеге келген. Ол кісі Алматы қаласында тұрады. Өнегелі ұстаз. Ы.Алтынсарин медалінің иегері, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері. «Құс қанатты ғұмыр» атты туралы жазған естелік кітаптың авторы. Алаштың ардақты ұлы Д.А.Қонаев ақсақалдың батасын алған ардагер ұстаз.

Содан Елеусіз 1917 жылы жігіт болып, ат жалын тартып мінер шағында Түркістан қаласының маңындағы Иқан деген ауылда тұратын жетімдер руындағы нағашыларын паналап барады. Мақсаты ілім білімге құштарлық. Оқу оқып, азамат болу еді. Ойын тойдың сәні, суырып салма ақындығымен танылған жігіт, серілік құрып, Сыр бойындағы ауылдарды, Арқа жерінде бай ауылдарды аралап жүреді. Сыр өңірінің белгілі ақындарымен кездесіп, өнер сынасып, шаршы топтың жаршысы болады. «Ұлы совет сайлайық» атты өлеңі 1937 жылы шыққан «Ел жүрегі» жинағында жарияланған. 1934 жылы Қазақстан Жазушылар одағының 1-ші съезіне, 1939 жылы Халық ақындарының республикалық слетіне қатысады. «Өзгерген өмір» дастанында («Пернедегі термелер» Алматы, 1965 ж) 1916 жылғы Ұлт азаттық қозғалысын, ел басына түскен тауқыметті баяндайды. Ал «Ұйысты ойдан ел көп, қырдандағы», «Мекенім Раң еді, таудан ары», «Замана сыры», «Жаралы жауынгер» тағы басқа да шығарма-

ұйымдарды қайта құру туралы» Қаулысының негізінде сол жылдың мамыр айында Қазақстан өлкелік партия комитеті секретариатының қарарымен құрылған Қазақстан совет жазушылар одағына мүше болады. «Халық ақыны» атанады.

1934 жылы 12-18 маусым күндері өкен I Съезіне, 1939 жылы Халық ақындарының Республикалық слетіне делегат болып Жамбылмен осылайша бірнеше рет кездеседі. Елеусіз ақын Жамбыл арқылы Майлықожа, Майкөт, Құлыншақ ақындардың шығармаларымен, ақындықтың үздік үлгісімен сусындай түседі. 1934 жылы Одақ құрылған кезде сол уақыттағы Илияс Жансүгіровтің сөзімен айтсақ: «Одаққа мүше болуға 100-ге жуық шығармашылық өкілдерінің ішінен іріктелгені, сүзгіден өткені Жамбыл Жабаев, Нұрпейіс Байғанин, Кәрібай Үмбетәлиев, Иса Байзақов және Елеусіз Байырбеков болды» деген екен. 1939 жылы Елеусіз ақын Қазақ ССР Жоғары Кеңесінің Құрмет Грамотасымен марапатталады. 1944 жылы ағзасын дендеген науқастан көз жұмады.

Ескі газеттерді парақтасаңыздар «Жақында «Қызыл Түркістан» колхозында сол колхоздың мүшесі, дарынды халық ақыны, көркем өнерге еңбегі сіңген қайраткер, Отанның патриот ұлы Елеусіз Байырбеков қайтыс болды. Елеусіз 1892 жылы Созақ ауданы Раң өзенінің бойында дүниеге келген.» «Социалистік Шәуілдір» газеті. 1944 жыл.» деп жазылған екен.

Ендігі кезекте Теріскейдің осы күнге дейін беймәлім болып келген перзентін қайта бауырымызға тартып, шығармаларын жас ұрпаққа кеңінен насихаттау басты парызымыз болмақ. Елеусіз ақын Отырар мен Созаққа, жалпы қазақ халқына ортақ ақын. Әлі де бұл тақырыпқа қайта ораларымыз хақ. Жоғарыда жазылған деректерді табуыма себепкер, жанашыр болған жерлесіміз Төреғали аға Тәшеновке, Отырар кітапханасының кітапханашысы Ақайна қарындасымызға созақтық оқырмандар атынан алғысымыз шексіз.

Мақсат ҚАРҒАБАЙ,
Қазақстан Жазушылар
Одағының мүшесі.

Өткен ғасырдың 1979 жылы Қызылкөл ауылындағы М.Әуезов атындағы орта мектепті бітіріп, әсем қала Алматыға жол тарттым. Бұрын ауылдан ұзап көрмеген мұрты енді тебіндеп келе жатқан 18 дегі балаң жігітпін. Арман жетегімен Қазақ мемлекеттік С.М.Киров атындағы университеттің журналистика факультетіне тусу басты мақсатым. Мектепте жүріп жазған сызғандарымды бір папкаға тігіп, сол кездегі «Молшылық үшін» газетінің бас редакторы Ескер Жақановтың кепілдемесін алып, жолға шықтық. Әкем қасымда. Таңертеңгісін Шолаққорған-

нып- шайынып алған екен. Мені оятты. Түндегі ас бөлме мұнтаздай тап-таза ортаға дөңгелек шәй үстел қойыпты. Үсті самсап тұр. Әкем төрге жайғасты да Ырысбай жездем төменірек отырды. Әпкем шай құйып отыр.- Иә, аға. Балаңыз қай оқуды қалап келді,-деді. Әкем:-Жорналшы боламын,-дейді. -Әр нәрсені жазып-сызып жүреді,-деді. Мен бағанағы мақалаларым жарық көрген газеттердің қиындысы тігілген папканы жездемнің қолына ұсына бердім.



Қазақстан облысы, Созақ ауданы, Жартытөбе кеңсары, Аққолтық ауылында дүниеге келді. 1960 жылы аталған ауылдағы Ш.Уәлиханов атындағы 8 жылдық мектепке барып 4 сыныпқа дейін оқыған. 1963-1969 жылдары Ащысай кенішіндегі М.Горкий атындағы орта мектепте білім алып, 1970 жылы Жартытөбе кеңсарындағы Октябрьдің 50 жылдығы атындағы орта мектепті үздік бітірген. Сол жылы Алматы қаласындағы Қазақ ауыл шаруашылығы механикаландыру факультетіне оқуға түсіп, 1975 жылы инже-

математика саласынан үздік шыққандарға арнап жылдам байқау өткізіп, бағалы сыйлықтар тағайындап жүретін. Сонымен бірге Созақ ауданындағы көптеген игі істерге демеуші болып, қаржылай көмек көрсеткен. Қарабура кесенесі ашылар кезде демеушілік көмек жасады. Өзі оқыған Ш.Уәлиханов атындағы орта мектепте Ырысбай Есенсариевтің атына арнайы кабинет берілген. Ырысбай Есенсариев үлкен шаңырақ иесі болатын. Жұбайы Қалбибі екеуі өмірге Айгүл, Нұргүл, Нұрбол, Айбек есімді ұл-қыздар алып келіп, тәрбиелеп өсірді, қанаттандырды.

Өнегелі де ғибратты ғұмыр иесі болатын

нан қызыл «Икарус» автобусқа отырып, жолға шықтық. Түннің ортасында Алматы қаласына табан тіредік. Көрікті қала екен. Бозбала көңілді көтеріп, ерекше сезімге бөленіп мен тұрмын толқып. Такси жүргізушілері қолымыздан жүгімізді алып, жабыса кетті. Қайда барамыз? Кімнің үйіне түсеміз мен білмеймін. Әкемнің қолында бір жапырақ қағазы бар. Әлгі парақта түсетін үйімізді мекен жайы жазылған екен. Әлгіні әкем жүргізушіге ұсына қойды. Қол сөмкемізді іліп алды да шопыр көлігіне отырғызып, сырғи жөнелді. Біршама уақыт жүргеннен кейін бірнеше көшелерді қиып өтіп, бір жеке үйдің ауласына барып тоқтадық. Ол кезде қазіргідей ұялы телефон жоқ. Әкем әлгі үйдің кіре берісіндегі қақпаның жоғарғы жағындағы түймені басты. Қоңырау шыр өткендей болды. Есікті орта бойлы көзілдірікті жігіт ағасы ашты. Амандық-саулық сұрасып болғаннан кейін, үйге қарай бастап жүрді. Үй дегеніңіз кішкентай екі бөлме. Құрқылтайдың ұясындай. Асханасы және бір жатын бөлмесі бар екен. Жатын бөлмеден әдемі, сыпайы келіншек шығып бізге сәлем берді.

-Аға, аман-есен келдіңіздер ме?-деп әкеме құрақ ұшып жатыр.-Иә, қарындасым ат-көлік аман-есен келдік. Мына інің мектеп бітіріп, оқимын деп ниет білдіріп отыр. «Болар баланың белін бу» дегендей оқимын деген ниетін қптап, алып келдім ғой,-деді.

Әкем маған қарап:- Бұл Қалбибі деген әпкең болады. Жаңа бізді қарсы алған жездең Ырысбай,-деді әкем жүзін ерекше қуаныш сезімі кернеп.

Түннің ортасында әпкем шай дайындап, әлек болды да қалды. Ұйқылы ояу отырып, бір-екі кесе шай іштім. Әпкем әкемнен ауыл-аймақтың амандығын сұрап жатыр.

Содан шай ішіліп болып, жатын бөлмеге әпкем бізге төсек салып берді де өздері асханаға жатуға кетті. Бірнеше сағат бойы бел жазбай келген әкем екеуіміз шаршағандікі ме, тез ұйықтап кетіппіз. Ертесін әкем жуы-

-Жарайсың, мынау аудандық газетке шыққан мақалаң екен, ал мынауы «Қазақстан пионеріне» шығыпты. Ал мына бір тобы «Оңтүстік Қазақстанға» жарық көріпті,- деп сараптай бастады.-Дұрыс екен талабыңа жет,- деп маған мейірлене қарады.

-Әуелі балаңыз медициналық тексерістен өтуі керек. Бұл жұмыс басталып қойды. Оған сәлден кейін барып анықтама парақшасын аламыз. Сосын тексерістен өтеді,-деді. Күн сенбі болғаннан кейін жездем мені ертіп

шығып, сонда тұрды. Олар бұл пәтерді жалдап тұрады екен. Әпкем ас-ауқатымызды әзірлеп, бәйек болып жүр. Ырысбай жездем сол кезде қабақ шытқанды білмейді. Жадырап, ауылдан келгендермен емен-жарқын әңгімелесіп отырды. Сол кездегі жездем мен әпкеміздің кең пейілділігіне қайран қалдым. Сол жылы өткен барған талапкерлердің біразы оқуға түсті де біразымыз ауылға қайттық.

Кейін барғанда табан тірейтін жерім Ырысбай жездемнің үйі болды. Сонда

нер-механик мамандығы бойынша бітірген.

Бітіре салысымен қазақ ауыл шаруашылығы механикаландыру және электрлендіру «ғылыми зерттеу институтында, қазіргі «Ауыл шаруашылығын механикаландыру ғылыми өндірістік орталығына» жұмысқа тұрады да, ғылыммен айналысады. Аспирантураның сырттай бөлімін аяқтаған соң «05.2001 ауыл шаруашылығы өндірістік механикаландыру «мамандығы бойынша «Қаракөл елтірісін шөлден тазартатын жартылай автоматтандырылған станоктың схемасын зерттеп негізгі параметрлерін анықтау» тақырыбы бойынша 1995 жылы кандидаттық диссертациясын қорғады.

1975-1992 жылдар аралығында «қазақ ауыл шаруашылығы механикаландыру және электрлендіру» ғылыми зерттеу институтына содан кейін «Ауыл шаруашылығы механикаландыру ғылыми өндірістік орталығында», қаракөл өнімдерін өңдеу технологиясы зертханасында инженер, кіші ғылыми қызметкер, аға және жетекші ғылыми қызметкер лауазымдарында қызмет атқарды. Ырысбай Ысқақұлы ғылыммен шұғылдана жүріп, оннан астам ғылыми еңбектер жазды және 3 өнертабысқа арналған куәліктері бар.

1992-1993 жылдары «Талап» шағын мемлекеттік кәсіпорнының директоры болып ауысады.

1993 жылдан бастап ғұмырының соңына дейінгі ЖШС «Талап» фирмасының директоры қызметін атқарды. Ол қай салада еңбек етсе де ең алдымен іскерлігімен көзге түсті. Мөл тәжірибесін өз жұмысына кеңінен пайдала білді. Сонымен қатар еңбек адамына деген кіршіксіз адалдығы, зор қамқорлығы арқасында қатар жүрген жолдастары мен қызметтестері арасында сыйлы, үлкен беделге ие болды.

Ырысбай Ысқақұлы ұлтымызға, халқымызға пайдасы бар деген игілікті істерге атсалысып, білімі мен біліктілігін аянған жоқ. Өзі білім нәрін алып сусындаған Шоқан Уәлиханов атындағы мектептің оқушылары үшін

Өкінішке орай кіші ұлы Айбек 2013 жылы мезгілсіз дүниеден өтті.

Балаларының бәрі бір-бір шаңырақтың иесі. Немерелері Айша, Диас, Зейнеп, Ахсана өсіп келеді.

Адамгершілік қасиеті мол, жарқын жүзді, жүрегі жомарт азаматты сұм ажал ортамыздан алып кеткелі де жылдың жүзі болып қалыпты. Дүние салардан бұрын елге келіп, әкесінің 100 жылдығына ас беріп, құран бағыштаған еді. Содан кейін көп ұзамай Ырысбай мәңгілік мекеніне аттанып кете барды. Оның қазасы туған-туыстарының, ауылдастарының, жарының, ұл-қыздарының қабырғасын қайыстырды. Аман не? Тағдырдың ісіне не шара бар? Оның ғылым саласында жасаған еңбегі, өнегелі істері ұмытылмақ емес.

Ауданымыздың мақтанышы, отбасының тірегі болған асыл азаматтың жүрегі ылғи да туған жер деп соғатын еді. Ол ата мекені Аққолтық ауылына асығып тұратын. Қолынан келген демеушілігін жасап, көптеген жас бүлдіршіндерге мектепке баратын кезде киім-кешекпен, құрал-жабдықтармен қамтамасыз еткені ауылдастарының есінде.

Алматыда қызмет істеп танылған Ырысбай ол жақта да зор беделге ие. Көптеген кісілермен араласып, өзінің білімімен, адамгершілік қасиеттерімен дос тапқан азамат еді. Бір жылдан кейін жақында анасы да жүзге келіп, дүние салды. Бүкіл ауылдың ардақты анасы тұғын. Сұм ажал ол кісіні де құшағына алды.

Жақсы істермен, ғибратты ғұмырымен елдің есінде қалған Ырысбай ағамыздың нұрлы бейнесі көз алдымызда. Жылдар өткен сайын абзал азамат, сүйікті жар, ардақты әкенің тұлғасы биіктей береді.

Есенсариев Ырысбайдың рухына бағышталған жылдың асы 16 қыркүйек, 2023 жылы сағат 12-де Алматы қаласындағы «Сәт» мейрамханасында өтеді. Момышқы 23 А. (Ұлықбек көшесінің қиылысы).

Сәрсенбек ТЕҢІЗБАЕВ.



алып, әлгі медициналық тексерістен өтетін жерге алып келді. Әкеме: -Үйде демалып отыра беріңіз,- деп айтып кеткен. Сонымен кешке дейін жүріп, медициналық анықтаманы бітірдік. Үйге келсек тағы да екі-үш талапкерді жетектеген кісілер келіп отыр екен. Барлығы да ауылдан келген. Содан 10 шақты адам Ырысбай жездемнің жатын бөлмесіне жайғастық. Өздері асханаға

Созақ ауданынан барған талапкерлердің бәрі сол үйде жататынбыз. Әпкемнің үнемі дастарханы жаюлы, шәйі қайнаулы тұратын. Сол кең пейілдеріне Алла берді ме, кейін пәтер сатып алды. Ырысбай жездемнің қызметі өсті. Ғылым жолын жалғасты.

Енді Ырысбай жездемнің өмірдеріне тоқтала кетейін. Есенсариев Ырысбай Ысқақұлы 1953 жылдың 15 қарашасында Оңтүстік

Созақ аудандық Қоғамдық кеңес мүшелеріне және аудан тұрғындарының назарына!

Аудандық Қоғамдық кеңестің кезекті мәжілісі 2023 жылдың 29 қыркүйек күні сағат 10:00 де Созақ аудандық мәслихатының мәжіліс залында өтеді.

1. Созақ аудандық адами әлеуетті дамыту бөлімінің 2022-2023 оқу жылында атқарылған жұмыстары, алдағы оқу жылына және қысқа дайындық жұмыстары туралы есебін тыңдау.

2. Таукент кенті әкімінің 2023 жылдың 8 айында атқарылған жұмыстары туралы есебін тыңдау.

3. Сызған ауылдық округі әкімінің 2023 жылдың 8 айында атқарылған жұмыстары туралы есебін тыңдау.

4. Қаратау ауылдық округі әкімінің 2023 жылдың 8 айында атқарылған жұмыстары туралы есебін тыңдау.

5. Қарағұр ауылдық округі әкімінің 2023 жылдың 8 айында атқарылған жұмыстары туралы есебін тыңдау.

6. Басқа да мәселелер.

Қоғамдық кеңес мүшелерін тіркеу 29 қыркүйек күні сағат 9:00-де Созақ аудандық мәслихатының мәжіліс залында жүргізіледі.

М.САПАРОВ,

Созақ аудандық Қоғамдық кеңес төрағасы.

Сальмонеллез жұқпасының алдын алу

Сальмонеллез - бұл Salmonella тұқымдастығының әртүрлі бактериялары тудыратын жұқпалы ауру, ол ас қорыту жүйесінің зақымдалуымен сипатталады.

Аурудың эпидемиологиялық қауіптілігі күн жылығанда артады: қоздырғыштың белсенді таралуына ең қолайлы уақыт – жаз айы және күз айының басы.

Сальмонеллездің қоздырғышы – ұсақ жылжымалы грамм-теріс таяқшалар сыртқы ортаға төзімді: ашық су қоймаларында 120 күнге, топырақта – 140 күнге, ет пен шұжықтарда – 60 тан 130 күнге дейін (мұздатылған етте-13 айға дейін) сақталады.

Жұқпаның көзі үй жануарлары, құстар және адамдар (ауру, тасымалдаушы) болып табылады. Берілу механизмі – ауыз-нәжістік. Берілу жолдары: ауру мал мен құстан алынған тамақ өнімдері, ластанған қолдар мен тұрмыстық заттар, ластанған су арқылы (мысалы сальмонелла таяқшасы ашық су қоймаларында және су құбырларында болуы мүмкін).

Сальмонеллезді емдеу міндетті түрде дәрігердің бақылауымен жүргізілуі тиіс. Сальмонеллез ауыр клиникалық түрде пайда болуы мүмкін және ауырған адамдар міндетті түрде жұқпалы аурулар ауруханасына жатқызылуы керек. Айта кету керек, ауру белгілерінің жоғалуы әлі толық қалпына келуді білдірмейді. Көбінесе сальмонеллездің салдары әртүрлі асқынуларға әкеледі, мысалы холецистит, гепатит, гастрит және т.б. Сальмонеллездің пайда болуы мен таралуының алдын алу үшін науқастарды уақытылы анықтау және оқшаулау.

Сальмонеллездің алдын алу шаралары:

1. Жеке гигиенаның жалпы қабылданған нормаларын сақтау, тамақ ішер алдында, тамақ дайындау процесінде, жануарлармен қарым-қатынас жасағаннан кейін, әжетханаға және қоғамдық орындарға барғаннан кейін қолды жуу, ас үйде тазалықты сақтау;

2. Алдын ала термиялық өңдеуді қажет етпейтін барлық тағамдарды қайнаған сумен бірнеше рет жуу керек;

3. Ықтимал қауіпті өнімдер (сүт, ет, жұмыртқа) бекітілген технологияларға сәйкес дайындалуы керек, тіпті ірі бөлшек сауда желілерінде сатып алынған құс өнімдері сальмонелланы жұқтыру көзі болуы мүмкін екенін есте ұстаған жөн;

4. Тоңазытқышша тауарлық көршілестікті сақтау керек, дайын тағамдарды шикі өнімдермен бір сәреде сақтамаңыз, жұмыртқаларды арнайы бөлікте сақтау керек;

5. Бактериялардың көбеюіне жол бермеу үшін өнімдерді қауіпсіз температурада сақтау керек;

6. Кездейсоқ сауда орындарынан тағам өнімдерін сатып алмаңыз;

7. Сүт және басқа да сүт өнімдерін, әсіресе үйде жасалған өнімдерді термиялық өңдеусіз тұтынуға болмайды;

8. Ас үйде өнімнің әр түрі үшін бөлек кесу тақталары мен пышақтар болуы керек;

9. Таза (қайнатылған, бөтелкедегі) суды пайдалануға тырысыңыз. Таза су ауыз су ретінде де, тамақ әзірлеу үшін де маңызды.

Есіңізде болсын: осы ережелерді сақтай отырып, сіз өзіңізді және балаларыңызды қауіпті инфекциядан қорғайсыз!

Х.ОСПАНОВ,

Созақ аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы басшысы.

С.Қожанов атындағы Созақ аудандық тарихи-өлкетану музейінің қызметкерлері осы мекеменің қор сақтаушысы Султанбаева Жазираға өткен айда төркін жұрты Отырар ауданында орын алған

Сұлтанбаевтар әулетінен 11 адам

қайғылы қазаға ұшырауына байланысты қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

«№1 колледж» МКҚК-ның әкімшілігі, ұжымы және ұжымның кәсіподақ комитеті колледждің қызметкері Ибадуллаева Мухаббат Тоқтанқызына жолдасы

Жалеев Тауасхан Турехановичтің

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Маңғышлақ-Мұнай» ЖШС-сы Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің 96-бабының талаптарына сәйкес, 2023 жылғы 11 қазанда сағат 14.00-де Түркістан облысы, Созақ ауданы, Қыземшек а.ә., Қыземшек ауылы, Сарырка к-сі, 2, мекенжайында орналасқан Мәдениет үйінің ғимаратында, «Маңғышлақ-Мұнай» ЖШС кен орны аумағындағы жер қойнауын пайдалану салдарын жою жобасы бойынша, экологиялық бағалау материалдарымен («Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі, Рұқсат етілген шығарындылар мөлшерлемелері, Қалдықтарды басқару бағдарламасы, Өндірістік экологиялық бақылау және іс-шаралар жоспары) бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізілетінін хабарлайды.

Жобалық құжаттама пакетімен <https://ecoportal.kz/Public/PubHearings> бірыңғай экологиялық порталында, сондай-ақ ЖАО «Түркістан облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» мемлекеттік мекемесі: ресми интернет-ресурсында <https://www.gov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar?lang=ru> танысуға болады.

Барлық ескертулер мен ұсыныстар қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмей бірыңғай экологиялық порталда, сондай-ақ a.shymabekova@ontustik.gov.kz электрондық поштасы арқылы қабылданады.

Төтенше жағдай және (немесе) шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантиндік, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар енгізілген жағдайда қоғамдық тыңдаулар онлайн режимінде өткізіледі. Өткізілетін қоғамдық тыңдаулардың белсенді сілтемесі <https://us06web.zoom.us/j/87285558462?pwd=aXVLTkcxdl1NVVNkeWwySm92K2F1Zz09>

Конференция ID: 872 8555 8462

Кіру коды: 072837

Қосымша ақпаратты Aliya.kismanova@gmail.com электрондық пошта арқылы алуға болады. 87012129912 телефоны арқылы алуға болады.

Мақсатты қызметтің бастамашысы - Тапсырыс беруші: «Маңғышлақ-Мұнай» ЖШС.

БСН 031040006125, телефон 87051376286

Жобаны әзірлеуші: «ГеоПроект» ЖШС, БСН: 980740004456, Тел. 87012129912

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «Мангышлақ-Мунай» в соответствии с требованиями статьи 96 Экологического кодекса РК сообщает, что 11 октября 2023 года, в 14:00 по адресу: Туркестанская область, Сузакский район, Кыземшекская п.а., п.Кыземшек, ул.Сарырка 2, здание Дом Культуры состоится общественные слушания по «Проекту ликвидации последствий недропользования на территории месторождения ТОО «Мангышлақ-Мунай», с материалами экологической оценки (Раздел «Охрана окружающей среды», Нормативы допустимых выбросов, Программа управления отходами, Производственный экологический контроль и План мероприятий).

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на едином экологическом портале <https://ecoportal.kz/Public/PubHearings>, а также на официальном интернет-ресурсе МИО: ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Туркестанской области»: <https://www.gov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar?lang=ru>.

Все замечания и предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний на едином экологическом портале, а также на эл. адрес: a.shymabekova@ontustik.gov.kz

В случае введения чрезвычайного положения и (или) ограничительных мероприятий, в том числе карантина, чрезвычайной ситуации социального, природного и техногенного характера общественные слушания проводятся в онлайн - режиме. Активная ссылка провидимых общественных слушаний

<https://us06web.zoom.us/j/87285558462?pwd=aXVLTkcxdl1NVVNkeWwySm92K2F1Zz09>

Идентификатор конференции: 872 8555 8462

Код доступа: 072837

Дополнительную информацию можно получить по эл. адресу: Aliya.kismanova@gmail.com и по телефону 87012129912.

Инициатор, намеряемый деятельности Заказчик: ТОО «Мангышлақ-Мунай». БИН 031040006125, телефон 87051376286

Разработчик проекта: ТОО «ГеоПроект», БИН: 980740004456, Тел. 87012129912

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Мангышлақ-Мунай» ЖШС ҚР Экологиялық кодексінің 96-бабына сәйкес 2023 жылғы 12-қазан сағат 11:00 де Түркістан облысы, Созақ ауданы, Қыземшек ауылы, Мәдениет үйінің ғимараты мекен-жайында «Придорожное газ кен орнын игеру жобасына ықтимал әсерлер туралы есеп» 01.01.2023-жыл жағдайына жобасы бойынша қоғамдық тыңдаулар өтетіндігін хабарлайды. Жобалық құжаттама пакетімен бірыңғай экологиялық порталында <https://ecoportal.kz/Public/PubHearings>, сондай-ақ ЖАО Түркістан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы сайтында <https://www.gov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar?lang=ru> танысуға болады.

Барлық ескертулер және (немесе) ұсыныстар бірыңғай экологиялық порталында, сондай-ақ a.shymabekova@ontustik.gov.kz поштасына қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде қабылданады.

Төтенше жағдай және (немесе) шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин енгізілген жағдайда, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар, қоғамдық тыңдаулар онлайн режимде өткізіледі. Белсенді сілтеме:

<https://us04web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a1o0a3ROUGROYm1xZDZtbXJnTkNRUT09>

Қосымша ақпаратты мына эл. мекен жай бойынша алуға болады: gmutanova@orm.kz және телефон 8(7292)544050-177.

Жобатапсырушы: «Маңғышлақ-мұнай» ЖШС, БСН 031040006125, телефон +77051376286 - Кужумов С.

Жобаны әзірлеуші: «Оптимум» жобалау институты» ЖШС, БСН 000740000123, телефон 8(7292)544050.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «Мангышлақ-Мунай» в соответствии с требованиями статьи 96 Экологического кодекса РК сообщает, что 12 октября 2023 года, в 11:00 по адресу: Туркестанская область, Сузакский район, Кыземшекская п.а., п.Кыземшек, Дом Культуры состоится общественные слушания по проекту «Отчёт о возможных воздействиях к проекту разработки газового месторождения Придорожное» по состоянию на 01.01.2023 г.

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на едином экологическом портале <https://ecoportal.kz/Public/PubHearings>, а также на официальном интернет-ресурсе МИО: ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Туркестанской области»: <https://www.gov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar?lang=ru>.

Все замечания и предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний на едином экологическом портале, а также на эл. адрес: a.shymabekova@ontustik.gov.kz

В случае введения чрезвычайного положения и (или) ограничительных мероприятий, в том числе карантина, чрезвычайной ситуации социального, природного и техногенного характера общественные слушания проводятся в онлайн - режиме. Активная ссылка провидимых общественных слушаний <https://us04web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a1o0a3ROUGROYm1xZDZtbXJnTkNRUT09>

Дополнительную информацию можно получить по эл. адресу: gmutanova@orm.kz и по телефону 8(7292)544050-163.

Инициатор, намеряемой деятельности Заказчик: ТОО «Мангышлақ-Мунай». БИН 031040006125, телефон +77051376286 - Кужумов С.

Разработчик проекта: ТОО «Проектный институт «Оптимум», БИН 000740000123, телефон 8(7292)544050.

Даланың көркем табиғаты Мұратты өзіне тартатын да тұратын. Сонау бала кезінен ол тауға, өзен-көлге құмар болып өсті. Мектепте оқып жүрген кезінде қой ауылға келсе, тынысы ашылып рахаттанып қалатын. Шопан отбасында өскендіктен төрт түлікті жақсы көрді. Атқа мініп, тау-тасты аралап, жаны содан рахат табатын. Сабақтан қолы босай қалса, қой ауылға тартып отыратын. Кең дала, жусанның иісі оны өзіне шақырып, ынтықтырып тұратын. Мұнда келген сайын әкесіне көмек беріп, мал қайырып, оларды суатқа апарып, ауылдан ұзата жайып жүретін. Пыр-пырлап ұшқан бұлдырықтар үні де оған жағымды естілетін.

Ат жалын тартып мінгеннен бастап әкесінің жанына жалау болып, мал бақты. Әкесі ойлана қарап тұрып осы Мұратым менің ақ таяғымды қолға алады ғой деп үміттенетін. Әке арманы алдамапты. Мұрат Досбаев Қызылкөл ауылындағы М.Әуезов атындағы орта мектепті



қойды түнете жайып, ең алдымен оның қондылығын арттырды. Семіз қойдың егізден қозылайтынын аңғарды. Сосын жайлымды тиімді пайдалану жағын назарға алды. Жыл мезгіліне қарай жайлымды тиімді пайдаланды. Қойларды уақтылы мал дәрігеріне қаратып, дер кезінде ектіріп отырды. Әсіресе ол жас қозының өсіруге ерекше көңіл қойды. Отыққан қозыларды бөліп бағып, бұлақтың мұздай суымен суарды. Күнге қалдырмай күн ыси бере көлеңкеде бақты. Осындай тынымсыз тірліктің арқасында жас төл тез оттығып, өсе бастайды. Еріну дегенді білмейтін ол осы шаруаның бәрін ойдағыдайлықпен атқарды. Міне осылайша отарындағы қойларын өз төле есебінен көбейтті. Кейін келе қаракөл қойлардың орнына қисары, қазақы қойдың тұқымын алып келіп, көбейтті. Қазір бағымындағы қойлар таза қисары қойлар. Оның еттілігі, қыстың қатал аязына шыдамдылығы қаракөл қойға қарағанда әлдеқайда жақсы.

Мұраттың мұраты биікте

(очерк)

бітіргеннен кейін қой ауылға келіп, әкесіне шопан болатындығын жеткізді. Мақсұт та баласының шаруаға икемі барын оның жасаған ісінен байқап жүретін.

-Балам, шопан болу-оңай шаруа емес оның ыстығы мен суығын төзе білуің керек. Иә, шопандық ата кәсібіміз десе де бұл кәсіптің қиындықтары бар. Шын жүрегіңмен қалаған екенсің. Батамды берейін,- деді. Содан бері де ширек ғасырдан астам уақыт болды. Ол әуелгіде Құмкент кеңшарында еңбек жолын әкесіне көмекші шопандықтан бастады. Әкесі Мақсұт зейнетерлікке шыққаннан кейін шаруа тізгінін өз қолан алды. Әуелгіде кооперативте шопан таяғын қолына ұстады. Бертін келе өзінің жеке қойын көбейтіп, жеке шаруа қожалығын құрды. Бұл күндері өз алдына мал бағып жүр. Алғашында қаракөл қойын бағатын-ды. Кейін малдың тұқымын қисары қойға ауыстырды. Қазір қойдың осы тұқымын өсіріп, отар етті. Бағымында 500 бас қисары қойы бар. Қойдың тұқымы ірі, етті болып келеді екен. Жыл сайын сол төл есебінен көбейтіп, алдын малға толтырды.

Әрине көл-көсір табыс оңайлықпен келген жоқ. Төгілген маңдай тердің жемісі. Мұрат бұл кәсіпті жүрегімен қалады. Сондықтан шаруаға бел шешіп кірісіп кеткен-тін. Уақыт өте келе кәсібінің қыры мен сырын әбден меңгерді. Еріну дегенді білмейді. Ерте тұрды, кеш жатты. Төлдеген кезде қозыларды сабидей мәпеледі. Әрине күтімсіз болмайды. Жас төлді күнге қалдырмай, көлеңкеде ұстап, бұлақтың мұздай

суын беріп, өсіруді ол қолға алды. Нәтижесінде қозыларды мамыр айының аяғында өсіп, үп-үлкен болып оттығып қалатын. Осының арқасында Мұрат бағымындағы отарды өз төлі есебінен көбейтті.

Осы қойдың арқасында отбасын асырап, балаларын оқытып, тұрмысын түзетіп келеді. Қазір жеке меншігінде екі беларусь тракторы және автокөлігі бар. Бұрынғыдай кеңшар кезіндегідей емес қазір жеке шаруашылық болған соң өзі көшіп, қоныс ауыстырып отырады. Мал азығын өз күшімен дайындайды.

Қыс қыстауы «Әйімбет» деп аталады. Мұнда жылы қора, тұрғын үйі бар. Қора мен тұрғын үйді өз күшімен жөндеуден өткізіп алған. Қойларын суаруға артезиан суын пайдаланады. Көмекшісі бар. Қысы мен жазында қасында болады. Былайша айтқанда жанына жалау болып жүрген азамат. Бағымдарында қоймен бірге жылқы, сиыр, төрт түліктің төресі түйе де ұстайды.

Жаз жайлауы «Сары» деп аталады. Үшбас өзенінің жағасы шаруашылыққа өте қолайлы жер. Жаз бойына осында отырады. Шаруасын осы жерде дөңгелетіп келеді. Жаз айында бие байлап сауады. Оны аудан орталығына алып барып, қаржы қылады. «Қымызды кім ішпейді» дегендей ауылдан келіп арнайы саумал қымыз ішетіндер бар. Ондай кезде келушілердің барлық жағдайы жасалады. Үйінің қасынан қосымша киіз үй тігіп, оларды сонда жайғастырды. Шипа ретінде ішіп, қымыз

дың балдай дәмін татқандар жылда келіп тұрады. Көліншегі қымыз дайындауға әбден машықтанып алған. Ашытқан қымызы бал татиды. Жылда бірнеше сиыр бұзаулайды. Оларды уақтылы сауып, келіншегі ірімшік, жент, құрт, май, сүзбе дайындайды. Әлгі женсік астан дәм татқандар ризашылығын айтып, алғыс жаудырып жатады. Шаруасын дөңгелетіп отырған Мұраттың ісіне қызығушылар көп. Кәсібін әбден меңгерген азамат айтады: жастар құр бекерге жүргенше ата кәсіппен айналысса деп. Әзінің де, маңайындағылардың да әжетін жасайтын еді ғой дейді. «Жаман адамды асырасаң аузы мұрныңды қан қылар, жаман қойды асырасаң аузыңды тұщымды май қылар» дегендей қой жайып оның рахатын көргенге не жетсін дегенді айтады. Расында Мұрат сияқты азаматтар еңбек етіп, халықтың өзінің әл-ауқатының жақсы болуына жұмыс істеп жүр. Ал екі қолға бір күрек таба алмай жүргендер қаншама. Олар жұмыс жоқ деген сылтауды алға тартады. Ал еңбек етем деген азаматқа шаруа көп екендігін олар түсіне бермейді.

Әскери қызметін өтеп келгеннен кейін ол бала кезінен өзіне серік еткен кәсібіне қайта оралды. Еңбек ете жүріп ата кәсіптің қыры мен сырына әбден қанықты. Мал бағу оның ізін таңертең шығып салпақтап жүру емес. Мұның да өзіндік тәсілі бар екендігін сезінді. Әуелі өзінің әкесінен, сосын майталман шопандардан үйренді. Отарындағы

Әрине қысы-жазы мал соңында жүру оңай болмайтындығын аға шопан зерделеп үлгерді. Қазір өзі де жастарға тәжірибесін үйретіп жүр. Жігіттік дәуренді бір кісідей ақ өткізді. Толыса бастаған кезде Айман атты арумен шаңырақ көтеріп, отау құрды. Өмірлік жары Айман Дольбаева да шаруаға икемді болып кездесті. Мұраттың бір жағына жалау бола білді. Ас-суын әзірлеуден бөлек ер азаматына жәрдем беруді де қатар алып келеді.

Жұбайы екеуі отбасында 2 ұл, 2 қыз тәрбиелеп өсірді. Тұрсынай, Әлімжан, Назира, Әлғали деген перзенттері бар. Бұл күндері қызын ұзатып, ұлын үйлендірген. Жастайынан берілген тәрбиенің арқасында ұл-қыздары да тәлімді, еңбекқор, тындырымды болып өсті.

Аға шопанның анасы Әлжүл апа оның жасаған шаруасына көңілі толып, батасын беріп отырады. Әкесі Мақсұт мұның шаруашылығына риза болып жүруші еді. Өкініштісі ұлының жетістігін, жеткен бел-белестерін көре алмай кетті. Әйтсе де әкесінің ақ таяғын қолға алып, ізін жалғастырған шаруа қожалығының иесі оның атына кір келтірмей мал шаруашылығының майталманы атанғанын медеу тұтты.

Сонау беткейде Мұраттың отары бөтырап жайылып жүр. Аға, шопан көмекші шопанның тандырымды ісіне сүйсіне қарап тұр.

Біз де қызылкөлдiк шаруа адамына еңбегінің жемісін көре бер деген ізгі тілекпен жүрек жарды тілегімізді білдірдік.

Сәрсенбек ТЕҢІЗБАЕВ.

Орманды тілсіз жаудан сақтайық!

Табиғаттың басты байлығы өсімдіктер, әсіресе қоршаған қалың орманды алқапты жоғалып, жойылып кетуден қорғап, жанашырлықпен қарап көзіміздің ағы мен қарасындай сақтауымыз керек. Бір тал кессен,

он тал ек»-деген қағида баршамыздың парызымыз деп санау қажет. Орманды алқапта, сексеуіл тепе-теңдікті сақтап, қатты соққан жауынды желден, көптеген апаттардан қорғап қалады. Қыстың қақаған аязды күндерінде жабайы аң-құстарға ықтасын пана беріп, жейтін азық болатынын естен шығармайық.

Қыстың қақаған аязды күндерінде жабайы аң-құстарға көемегіміз тисін десек- орманы-

мызды сақтайық.

Табиғаттың өзі берген орман, оттегінің көзі екені де рас. Ауданымыздағы мол байлық орманды көздің қарашығындай сақтаған абзал.

Әсіресе өртеке өте сақ болуымыз керек. Абайсызда жасалған өрт бүкіл орманды қиратуы мүмкін. Техникалардан шығатын ұшқындарға да абай болуымыз керек.

Сонымен қатар орманды бей-берекет бүлдіруге жол бер-

меуге тиіспіз. Табиғат аясында қыдырған, демалған кезде қалдықтарды далаға бей-берекет тастау дұрыс емес.

Айналамыздың көрікті болуы бәрімізге байланысты. Тоғай-ормандарды өрттен қорғау-басты назарда болуы міндетті.

Бүкіл аудан тұрғындары қоршаған ортаның тазалығына, орманды жерлердің өсіп-өнуіне баршамыз болып атсалысқанымыз дұрыс. Сондықтан орман өрті болдырмауға сақа-

дай-сай болғанымыз бәріміз үшін маңызды.

Бұл жұмыс тек орман қорықшысының ісі деп қарамауымыз керек. Оған барлығымыз жұмыла кірісуге тиіспіз.

Орман өрті болдырмау өз қолымызда жерлестер!

Ә.АЖИБАЕВ,
Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау мекемесінің орман-шебері.

Сенімгерлік басқарушы:

"Agro-sozak" ЖШС

Меншік иесі-

"Созақ үні" газеті редакциясы"
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Директордың міндетін уақытша атқарушы:
Теңізбаев Сәрсенбек Сайлаубекұлы

Бас редактор:
Теңізбаев Сәрсенбек
Жауапты хатшының міндетін уақытша атқарушы:
Нұрсұлтан Қанатұлы
Редакция құрамы-

Аға тілші-
Нұржамал МАЙУСОВА
Тілшілер-
Данияр БЕКОВ
Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ
Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ
Дизайнер-
Асхан БАҚТЫБАЕВ
Терімші-
Бағила АЯЗБАЕВА
Фототілші-
Құрмаш КЕРІМҚҰЛОВ

Қолжазбалар еңделеді, қайтарылмайды және оларға пікір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады.

Компьютерлік бетпен екі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданбайды.
Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.
Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Ташенов көшесі, №24.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет А-3 көлем форматта аптасына 2 рет шығады
Индекс 64450

Редакцияның мекен-жайы: 161000, Шолақорған ауылы, С.Қожанов көшесі, байланыс телефондары 4-15-30 (факс), 4-25-19, 4-28-97

А-ақысы төленген

тапсырыс №
таралымы -
3600 дана

Кезекші редактор:

Н.Шертаев